




Air-King

Oyster, 40 mm, Oystersteel

Oystersteel
болаты жасалған 40
мм корпусымен, сом
түйінді Oyster білезігі
және ерекше қара
циферблат, Air-
King түпнұсқа Rolex
Oyster сағатының
авиациялық мұрасын
мадақтайды.



ҚАРА ЦИФЕРБЛАТ

Уақытты анықтау навигациялық таңбалар

Air-King моделінің көрнекті ерекшелігі - 3, 6 және 9 деген ірі цифрлары бар қара циферблат және ұшу кезінде уақытты анықтау үшін ыңғайлы анық минуттық таңба.

Осы модель үшін 1950 жылдары арнайы жасалған «Air-King» деп жазылған атауы бар.




OYSTERSTEEL БОЛАТЫ

Коррозияға жоғары төзімділік

Rolex өзінің болат сағат корпустары үшін Oystersteel материалын қолданады. Компания арнайы әзірлеген Oystersteel 904L болат тобына жатады, ол коррозияға аса төзімділік қажет жоғары технологияда және аэроғарыш пен химиялық өнеркәсіптерде қолданылады.

Oystersteel болаты жоғары төзімділігімен ерекшеленеді, керемет жылтырап өңделеді және қатаң сыртқы жағдайларда пайдаланған кезде де өзінің бастапқы сұлулығын сақтайды.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Oyster білезігі - берік әрі ыңғайлы болу үшін жасалған пішін мен функцияның, эстетика мен технологияның тамаша синтезі. Ол Rolex шеберлері эксклюзивті түрде жасаған кездейсоқ ашылып қалмайтын Oysterlock жиналмалы түймелігі және ыңғайлы түрде ұзартылатын Easylink түйінімен жабдықталған.

Бұл ерекше жүйе кез келген жағдайда қосымша жайлылықты қамтамасыз ете отырып, білезіктің ұзындығын шамамен 5 мм ұзартуға мүмкіндік береді.



3230 МЕХАНИЗМІ

Жоғары өнімділік

Air-King моделінің жаңа буыны толықтай Rolex компаниясы әзірлеген және жасаған механизм - 3230 калибрімен жабдықталған, ол 2020 жылы шығарылып, бұл модельге 2022 жылдан бастап орнатылады. Сағат жасау технологиясының алдыңғы қатарында тұратын бұл автоматты бұралатын механикалық механизм бірнеше патенттердің берілуіне әкелді және дәлдік, қуат қоры, соққыларға және магнит өрістеріне төзімділік, ыңғайлы болу мен сенімділік тұрғысынан тамаша өнімділікті ұсынады.

3230 калибрі патенттелген Chronergy түсіру механизмінен тұрады, ол энергия тиімділігін

жоғары сенімділікпен қамтамасыз етеді. Никель-фосфордан жасалған, ол магниттік өрістерге де сезімтал емес. Бұл мезханизм оңтайландырылған көк Parachrom шиыршығынан тұрады, оны Rolex парамагниттік қорытпада өндірген және кәдімгі спиральға қарағанда соққы әсеріне 10 есеге дейін беріктікті қамтамасыз етеді. Көк Parachrom шиыршығы кез келген күйде калибрдің тұрақтылығын қамтамасыз ететін Rolex қосалқы орамымен жабдықталған. Осциллятор Rolex әзірлеген, патенттеген жоғары өнімді соққыға қарсы Paraflex жүйесіне орнатылып, механизмнің соққыға төзімділігін арттырады. 3230 калибрі Perpetual роторы арқылы автоматты түрде құлағынан бұрау модулімен жабдықталған. Бөшке тәріздес құрылымы мен түсіру механизмінің жоғары тиімділігі арқасында, 3230 калибрі қуат қоры шамамен 70 сағатқа дейін жетеді.

Толығырақ техникалық деректер Air-King

Сілтеме 126900

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 40 мм, Oystersteel

Диаметрі

40 мм

Материал

Oystersteel болаты

Безель

Бірқалыпты

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, екі есе суға төзімді
Twinlock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді,
жақұтты

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа
дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты
түрде құлағынан бұрау

Калибр

3230, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

Oystersteel болаты

Түймелік

Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, 5 мм
дейін ұзартылатын Easylink түйіні

Циферблат

Түрі

Қара

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты **Rolex.com** сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

